



“Bal - Aıym” бөбекжай - бақшасы

**Ата - аналармен жүргізілетін
консультативтік пункт
жұмыс жоспары**

2024 - 2025 оқу жылы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА БАРМАЙТЫН БАЛАЛАРДЫҢ
АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ
ПУНКТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ОРГАНИЗАЦИИ РАБОТЫ КОНСУЛЬТАЦИОННЫХ ПУНКТОВ
ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ ДЕТЕЙ, НЕ ПОСЕЩАЮЩИХ ДОШКОЛЬНЫЕ
ОРГАНИЗАЦИИ**

Астана, 2024

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2024, – 27 б.

Әдістемелік ұсынымдарда балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар берілген.

Аталған әдістемелік материал мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2024 жылғы 11 наурыздағы №2 хаттама).

«Балаларды ерте дамыту институты», 2024 ж

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты әрбір бала өмірінің сәтті бастамасы ретінде сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға (бұдан әрі – МТО) тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

МТО-ны қамтамасыз етуін құқықтық негіздері мен мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған, оған сәйкес білім беру жүйесінің бірінші деңгейі отбасында немесе 1 жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымда (бұдан әрі-МДҰ) жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқуға бес жастан бастап мектепалды даярлық түрінде жүзеге асырылады.

Әрбір баланың бастауыш мектепте білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасаудың маңызды шарты МТО қолжетімділігін кеңейту болып табылады.

Ата-аналардың әртүрлі себептермен баласын мектепке дейінгі ұйымға апарғысы келмейтін фактіні де ескеру қажет (денсаулық жағдайы, отбасында тәрбиелеуді дұрыс деп санау және басқалар). Балаларға үй жағдайында сапалы күтім жасауды және тәрбиелеуді қамтамасыз ету мақсатында балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарды (заңды өкілдерді) педагогикалық қолдау жұмыстарын жандандыру қажет. Сонымен қатар, маңызды міндеттердің бірі – ата-аналарды (заңды өкілдерді) білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеу мен оқытуға тарту болып табылады.

Осыған байланысты Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы) сәйкес отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік - педагогикалық қолдау мақсатында балабақшалар мен шағын орталықтар жанында ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктерін ескере отырып, балалары МТО-мен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттер (бұдан әрі-КП) құру ұсынылады.

КП балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарға (заңды өкілдерге) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша кеңес беруге және әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

КП қызметіне қатысушылар - ерте жастағы балалар мен мектеп жасына дейінгі балалар, олардың ата-аналары (заңды өкілдері) және мектепке дейінгі ұйымның мамандары.

Аталған әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарға (заңды өкілдерге) тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша педагогикалық қолдау көрсетуде КП қызметін реттеу.

Бұл материал базасында КП ұйымдастырылған меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтеріне арналған.

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

КП қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін мынадай нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0200000345>
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0200000345>
4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000137>
5. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000346>
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000003>
7. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600005270>
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
9. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000000>
10. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһаздармен жарақтандыру нормалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>
11. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000000>
12. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕМЕН ЖӘНЕ ОҚЫТУМЕН
ҚАМТЫЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА (ЗАҢДЫ
ӨКІЛДЕРІНЕ) АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР**

КП басшының бұйрығы негізінде білім беру ұйымының базасында құрылады және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыратын оның құрылымдық бірлігі болып табылады.

КП қызметін КП туралы ереже негізінде жүзеге асырады.

КП қызметін демалыс күндері 4 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған МДҰ-дың топтарында жүзеге асыра алады, балаларды мектепке дайындау үшін қабылдау жүзеге асырылады (толық емес күн, яғни, балалар үш сағат болады, олар ұйықтамайды және тамақтанбайды). Балалар сабақта болған кезде балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогтерден кеңес алуына болады.

Сонымен қатар, МДҰ базасында мектеп жасына дейінгі балаларды мектепте оқуға дайындау мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) онлайн консультация ұйымдастыру ұсынылады.

Сондай-ақ, жалпы білім беретін мектептер базасында балаларды мектепте оқуға дайындау мәселелері бойынша балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) топтық және жеке консультациялар берілетін жеке кабинетте КП ұйымдастыруға болады.

КП жұмысының басталуы туралы мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) WhatsApp чаттары (отбасылық, аулалық және т. б.), бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook, Telegram), МДҰ-ның сайты арқылы хабардар ету қажет *(1-қосымша)*.

КП мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық қолдау көрсету және балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру;

- белгілі бір себептермен білім беру ұйымына бара алмайтын балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету;

КП жұмысының негізгі бағыттары:

- диагностикалық көмек көрсету - баланы психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу, бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен

бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін, әлеуметтік бейімделуін анықтау, баланы одан әрі дамыту мен тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

- консультациялық көмек көрсету - психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды (заңды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиенің негізгі бағыттарының ықпалы, күйзеліс жағдайларын еңсеру туралы хабардар ету;

- әдістемелік көмек көрсету - ата-аналарды (заңды өкілдерді) ағарту, отбасында туындайтын мәселелердің алдын алуға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы ата-аналарды хабардар ету, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, отбасында жағымды қарым-қатынастар орнату, баланың жеке даму ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен, отбасы жағдайында тәрбиелеу процесін ұйымдастырумен таныстыру.

КП қызметінің негізгі нысандары: ата - аналардың (заңды өкілдердің) сұранысы бойынша онлайн және офлайн форматтарда жеке және топтық консультациялар беру болып табылады.

Жеке және топтық консультацияларды жүзеге асыру үшін кабинеттерді жиһаздармен жабдықтау (үстел, орындықтар, ноутбук және т.б.) және дидактикалық материалдың жеткілікті санымен қамтамасыз ету қажет: арнайы әдебиеттер, дидактикалық және дамытушы ойындар мен ойыншықтар, балалар мен ата-аналарға арналған диагностикалық материалдар жиынтығы, педагогтар мен мамандардың дамытушы бағдарламалары, ата-аналармен жүргізілген жұмыс тәжірибесінен материалдар.



Балалармен және ата-аналармен спорт залда, спорт алаңында, құрғақ бассейндерде, балалардың дамуы үшін қауіпсіз және жайлы жағдайлар жасалған сенсорлық, ойын бөлмелерінде консультациялар немесе сабақтар өткізу ұсынылады.



Мектепке дейінгі ұйымның аумағы абаттандырылуы, құмсалғыштар орналасқан ойын алаңдарымен, күркелермен, спорт алаңдарымен жабдықталуы қажет, онда ата-аналар мен балалардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес дамытушы ортаның барлық ресурстарын пайдалануға мүмкіндігі болуы керек.



КП жұмысын білім беру ұйымының әкімшілігі реттейді.

Балалардың ата - аналарына (заңды өкілдеріне) консультациялық көмек мамандардың қызметін кіріктіру негізінде көрсетіледі:

менгеруші;

әдіскер;

тәрбиеші;

музыка жетекшісі;

дене шынықтыру нұсқаушысы;

педагог-психолог;

логопед;

медбике;

казак тілі педагогі.

Логопед баланың танымдық және сөйлеуінің даму деңгейін анықтайды (тексеру); баланың сөйлеуіндегі кемшіліктерді түзету және оның алдын алу мақсатымен (консультация, семинарлар) ата-аналарға (заңды өкілдерге) көмек көрсетеді; ата-аналарға (заңды өкілдерге) және балаға сөйлеуді дамыту бойынша қызықты ойындар мен жаттығуларды (практикумдар) ұсынады (көрсетеді).

Педагог-психолог эмоционалды-тұлғалық мәселелерді анықтайды; таным процестерінің даму деңгейін анықтайды (зейін, қиял); есте сақтауды, ойлауды дамытады, балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасын талдайды; баланың мектепте оқуға психологиялық дайындық деңгейіне диагностикалық тексеру жүргізеді.

Дене шынықтыру нұсқаушысы балалар мен ересектерге салауатты өмір салтын насихаттайды; үй-жайларда және далада ойналатын қимылды ойындарды, спорттық жаттығуларды ұсынады.

Медбике күн тәртібін құрастыруға және баланың дұрыс тамақтануын ұйымдастыруға көмек көрсетеді; әртүрлі аурулардың: ЖРВИ, тұмау, жіті

вирустық инфекциялар, жұқпалы аурулардың алдын алу мәселелері бойынша ұсыныстар береді.

КП педагогтері баланың танымдық, шығармашылық және музыкалық дамуына арналған түрлі тәсілдерді, ойындарды, жаттығуларды көрсетеді; мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша консультация береді.

Сондай-ақ, Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі-Институт) сайтында «Ата-аналарға кеңес» бөлімімен «Виртуалды әдістемелік кабинет» ашылды. Аталған бөлімде үй жағдайында баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту бойынша дамытушы ойындар, психологтың баланы дамыту, мектепке дайындау туралы кеңестері, логопедтердің балалардың сөйлеуін дамыту бойынша кеңестері, дамытушы ойын әрекеттері қамтылған бейнероликтер әзірленіп орналастырылды.

Аталған материалдарды КП қызметінде қолдануға болады.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдардың сайтында «Консультациялық пункт» айдарын жүргізу ұсынылады, онда мектепке дейінгі ұйым педагогтерімен әзірленген материалдар орналастырылатын болады.

Сонымен қатар, «Сұрақ-жауап» айдарының қызметін жүзеге асыру ұсынылады, онда ата-аналар (заңды өкілдер) балаларды тәрбиелеуге, дамытуға және мектепте оқуға дайындауға қатысты сұрақтарға жауап ала алады.

КП жұмысының басталғаны туралы білген мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) консультация алу үшін хабарласа алады. Олар баласы туралы ақпарат береді, өздерін қызықтыратын сұрақтар қояды.

Маман кездесу уақытын белгілейді және ата-аналардың (заңды өкілдердің) алдын ала жазылу журналына тіркейді (2-қосымша). Белгіленген уақытта ата-аналар (заңды өкілдер) баласымен бірге келеді және олардың келуі КП мамандарының жұмысын есепке алу журналында тіркеледі (3-қосымша).

Маман баламен сөйлеседі, оған ойындар ойнауды, тапсырмалар орындауды ұсынады. Осылайша, ол мектеп жасына дейінгі баланы диагностикалық тексеруден өткізеді.

Бірлескен сабақтан кейін педагог балаға қызығушылығы бойынша әрекетпен айналысуды ұсынады (конструкторларды жинау, сурет салу, мүсіндеу және т.б.), ал өзі осы уақытта ата-аналармен (заңды өкілдермен) әңгімелеседі, баланың даму деңгейі туралы айтады, ұсынымдар береді.

Консультацияны ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктерін ескере отырып, бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады.

Мамандардың жұмыс кестесін білім беру ұйымының жұмыс тәртібін ескере отырып, әкімшілік анықтайды (4-қосымша). Сондай-ақ, КП-тің жұмыс кестесі мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) сұраныстарына байланысты икемді болуы мүмкін.

КП - те штат бірліктері қарастырылмаған, мамандар негізгі жұмысының аясында жеке және топтық консультациялар жүргізеді.

КП педагогтері ата-аналармен (заңды өкілдерімен) әріптестік қарым-қатынас орнатады, мектеп жасына дейінгі балаларға жеке нәтижеге бағдарланған педагогикалық және психологиялық көмек көрсетеді.

Мамандар ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық сауаттылығын арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізеді. Сондай-ақ, бала болмаған кезде ата-аналарға жеке консультация және бірдей мәселелері бар отбасыларға топтық консультация береді, телефон арқылы ата-аналарға (заңды өкілдерге) сұрақтарына кеңес береді.

Консультация мынадай мәселелер бойынша жүргізіледі:

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері;
- ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктері;
- ерте жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;
- балаларды әлеуметтендіру;
- баланың сөйлеуін дамыту;
- балалардың балабақшаға бейімделуі;
- көркем шығармашылықты дамыту;
- отбасындағы тәрбие мәселесі;
- дамытушы бағдарламаны таңдау;
- ойын әрекетін ұйымдастыру;
- балалардың тамақтануын ұйымдастыру;
- балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдайлар жасау;
- балаға, оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсете алатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру қызметтері туралы хабардар ету.

Берілген тақырыпты ескере отырып, білім беру ұйымының әкімшілігі қажетті ақпаратты толық меңгерген маманды консультация беруге тартады.

Бұдан әрі ата-аналардың (заңды өкілдердің) КП - ке келуі алдын ала жазылу бойынша жүргізіледі.

Сонымен қатар, КП мамандары ата-аналарға (заңды өкілдерге) виртуалды консультация бере алады. Бұл онлайн форматтағы консультациялар, шеберлік сыныптары, семинарлар және т.б.

Егер ата-аналар (заңды өкілдер) онлайн-консультацияға қатыса алмаса, оның жазбасын көре алады. Барлық фото және бейнематериалдарға, бейнеконсультацияларға, шеберлік сыныптарына, вебинарларға және пайдалы интернет-сайттарға сілтемелер білім беру ұйымының сайтындағы «Консультациялық пункт» айдарында және әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, Telegram) орналастырылуы керек.

МАЗМУНЫ

1	ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА	3
2	НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	4
3	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӨРБИЕМЕН ЖӘНЕ ОҚЫТУМЕН ҚАМТЫЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА (ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНЕ) АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР	10
4	1-ҚОСЫМША	11
5	2-ҚОСЫМША	11
6	3-ҚОСЫМША	11
7	4-ҚОСЫМША	12
8	ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	13

Консультациялық пункт мамандарының жұмыс кестесі

Апта күндері	Жұмыс уақыты	Жұмыс нысаны	Жауапты маманның лауазымы

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
5. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары.
7. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары.
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары.
9. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.
10. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһаздармен жарақтандыру нормалары
11. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары.
12. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

Құжаттар:

1. Ата-аналарға арналған консультациялық пунктті ашу туралы бұйрық;
2. Педагогикалық, әлеуметтік және медициналық қызметкерлерден тұратын консультациялық пункттердің құрамын анықтау туралы бұйрық;
3. Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру туралы ереже;
4. АКП жұмыс жоспары;
5. Жұмыс кестесі;
(кеңес алушыларды есепке алу кітабы)
6. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған бала тіркеу журналы);
7. Ата – аналардың өтініштері;
8. Ата – аналармен отырған келісім шарт;
9. Консультациялық пункттің жұмыс барысында пайдаланған формалары;
10. Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру туралы БАҚ- та жариялау;
11. Ата – аналардың педагогикалық білімін арттыру мақсатында әртүрлі шаралар ұйымдастыру (ойындар, дөңгелек үстел, байқаулар, тренингтер, саунамалар, т.б.);
12. Консультациялық пункттің жұмыс барысына сараптама жасалуы (қорытынды есебі)

Мектепке дейінгі мекемелерде АКП-ні ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

1. Педагогикалық, психологиялық, медициналық профильді, жоғары білікті мамандар таңдау;
2. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, оқыту мен дамытуға дара және келелі ұстаным сұрақтары бойынша консультативті көмек алуда ата-аналардың қажеттілік сараптамасы;
3. АКП ұйымдастыру үшін орынды анықтау;
4. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту диагностикасын түзету сұрақтары бойынша жүрмелі консультативті көмектермен қамтамасыз ету;
5. Ата-аналардың сұраныстары бойынша балалармен педагогикалық және психологиялық өзара қарым-қатынастықтың өзекті мәселелеріне, олардың физикалық және психологиялық денсаулығының сақталуына дара кеңестер өткізу;

ҮКІІ жұмысының мақсаты - Отбасылық және қоғамдық тәрбиенің сабақтастығы мен бірлігін қамтамасыз ету, ата-аналарға баламен өзара психологиялық-педагогикалық қарым-қатынастың түрлері мен әдістерін, мазмұнын таңдау тиімділігін қамтамасыз етуде психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балалардың тұлғалық жан-жақты дамуын қолдау.


ҮКІІ жұмысының міндеттері:

- Балалары мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын ата-аналарға мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру, әртүрлі сұрақтары бойынша мектепке дайындау кездегі бірдей старттық мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету;
- Ата-аналармен өзара әріптестік қарым-қатынас орнату;
- Мектепке дейінгі жастағы балаларға нәтижелі болатын дара, бағдарланған педагогикалық және психологиялық көмекті жүзеге асыру;
- Балалар мен ата-аналарды әлеуметтік, медициналық қолдауға мектепке дейінгі мекеме және басқа да ұйымдар арасында өзара қарым-қатынастықты қамтамасыз ету;
- Мектепке дейінгі мекемеге бармайтын балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету;
- Ата-аналар қоғамының педагогикалық білімін арттыру мақсатында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыру: диспуттар, жас отбасы фестивальдері, конференциялар, ата-аналар жиналыстары, экскурсиялар;
- Ақпараттық, «консультациялық» парақшалар, даңғылдар, жаднамалар, афишалар жасақтау және тарату, интеллектуалды ойындар, викториналар, конкурстар, танымдық-оқыту тренингтерін ұйымдастырып өткізу;
- Отбасылық тәрбиені насихаттау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-әрекетті ұйымдастыру.



6. Баланын когнитивті, әлеуметті, эмоционалды, физикалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша тақырыптық кенестер жүргізу.

АҚН қызметін ұйымдастыру (се-әрекеттің интеграциялау негізінде құрылады:



«Бекітемін»

«Вал-Аіут» бөбекжай – бақпасы
менгерушісі

Ә.Ерғанова

29.08.2024ж

Консультациялық пункттің жұмыс кестесі

Дүйсенбі	Бейсенбі	Жұма
16.00- 16.30	16.00 – 16.30	16.30 – 16.30

АКП жетекшісі: *Ғары* Н.Ұзақбаева

«Бекетіміз» ЖШС
«Бал Ақын» бақпасы
менің атымен» т.б. О.Ерғанова
29.08.2024ж



Консультациялық пункт қызметкерлерінің жұмыс кестесі

Апта күндері	МДҮ менгерушісі	АҚП жетекшісі	Тәрбиетшілер
Дүйсенбі	16.00- 16.30		
Сейсенбі			
Сәрсенбі			
Бейсенбі		16.00- 16.30	
Жұма	16.00- 16.30		16.00- 16.30

АҚП жетекшісі:  Н.Ұзақбаева

КП жұмысының мақсаты: мектеп жасындағы балаларды үйде тәрбиеленіп отырған отбасыларға диагностикалық, консультанциялық және әдістемелік көмек көрсету.

Консультациялық пункттің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Р/с	Жұмыстың мазмұны	Откізу түрі	Орындалу мерзімі	Жауапты
1	Айық бейнаты балалары бөбекжай – бақшамен қамтылмаған отбасыларды анықтап, есепке алу	Қамтылмаған балаларды анықтау	Тамыз	АКП жетекшісі
2	Консультациялық пункттің мақсатымен таныстырып, бөбекжай – бақша ұйымы мен ата-аналар арасында әріптестік келісім шарт жасасу	Отбасыларға беру	Қыркүйек	Ментерунт, АКП жетекшісі
3	«Баланың бөбекжай – бақшаға бейімделуі» Қамтылмаған балаларды дамыту мәселелерінде ата – аналардың біліктіліктерін арттыру мақсатында оларға психологиялық – педагогикалық кеңес беру	Бөбекжай – бақшаға сабақ	Қыркүйек	АКП жетекшісі, тәрбиешілер
4	Бала психологиясының ерекшеліктері	Баяндама	Қазан	АКП жетекшісі Н.Ұзақбаева
5	«Кел, ойнайық, балакай!»	Ойын	Қазан	Тәрбиеші С.Ұрғистемова
6	«Спортландия»	Спорттық ойын	Қараша	Тәрбиеші С.Қайранова
7	«Ғижаһыптар әлемі» (саусақпен бояу)	Ойын – сабақ	Желтоқсан	Тәрбиеші Н.Иманғали
8	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»	Ұлттық ойындар	Желтоқсан	Тәрбиеші Ә.Әбуова
9	«Біз баламен қалай сөйлесеміз?»	Кеңес парақшасын тарату	Қаңтар	АКП жетекшісі Н.Ұзақбаева
10	«Кел, ойнайық!» (балалармен қимыл – қозғалыс ойындары)	Ойын-сабақ	Ақпан	АКП мүшелері
11	«Дәруменмен достасайық»	Кеңес беру	Наурыз	Мейілік А.Сыдықова
12	«Көңілді пирамидалар» ерменсәзбен жұмыс	Қол моторикасын дамыту	Сәуір	Тәрбиеші Г.Ерғанова
13	«Біз не үйрендік?» ашық есік күні	Ойын-іс-әрекеті	Мамыр	АКП мүшелері
14	«Көңілді палигралар»	Сурет салу	Мамыр	З.Нағметтуддеева

АКП жетекшісі:  Н.Ұзақбаева

«Bal Ayt» бөбекжай – бақшасы

Баяндама

“Бала психологиясының ерекшеліктері”

АКП жетекшісі: Н.Ұзақбаева

2024-2025 оқу жылы

Елбасы «Қазақстан - 2030» жолдауындағы «Қазақстан Миссиясы» бөлімінде: «Ертеңгі жас ұрпақтың денсаулығын, білімі мен өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастыра білесек, сонда халық та артына данағой тәрбиелі ұрпақты қалдыра алады... Олар өз елінің патриоты, әлемге танылған азаматы бола алады» - деп атап көрсеткен. Еңдене өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудің және бала психологиясының дамуының бастамасында балабақшаның алатын орны ерекше. Қазіргі қоғам талаптарының өзгеруіне байланысты, еліміздің көркейіп-өркендеуіне, ел талап-тілектерінің бет бұрыстарына байланысты жана ұрпақтың психологиясы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, оны неғұрлым өмір талабына қарай өрістету міндеттері қойылып отыр. Бала психологиясын жан-жақты зерттеп, оны терең біту, оның даралық ерекшеліктерімен үнемі санасып отыру балабақша тәрбиешілеріне жауапты да құрметті міндеттер жүктейді.

Адамның белгілі сипаты мен сапасын қалыптастырудағы тәрбиешілердің максаты- тәрбиесі белгілі бір жас мөлшеріндегі топқа бағытталған, осы арқылы сол топта тәрбиенің мүмкіндіктері мен міндеттері, әдістемелері қолданылады. Адам өмірінің мектепке дейінгі кезінде, есейген шақ кезеңдеріндегі, жасөспірім шақта, әлеуметтік ортада, мектепте қалыптасқан мінез-құлық ерекшеленеді. Жасөспірімдерді өмірге және ұжымдық еңбекке тәрбиелеудің негізін қалыптастыру міндеттері балабақшаға жүктелген. Белгілі бір жастағы балалардың жас мөлшері дегенде олардың көпшілігіне тән ерекшеліктер мен сипаттарды айтамыз. Бұл ерекшеліктерді педагогикалық процесте ескеру қажет және соған сәйкес оқыту, тәрбие берудің тиісті түрін, әдістемесін және тәсілін пайдалану керек. Осы мақсатта біздің «Сүйіндік» бөбекжай балабақшасының ұжымы тәрбиеленушілер бойында адамгершілік, кішіпейілділік, әдептілік, еңбексүйгіштік, ұқыптылық сияқты асыл қасиеттердің әліппесін қалыптастыра отырып, ұжымның достық, ынтымақтастық қарым-қатынаста болуын да естен шығармайды.

Баланың дұрыс психикасының ерекшелігі - танып-білуге деген белсенділігі. Баланың құштарлығы өзін көршілеген әлемді тануға және осы әлемнің құрылысын өзінше бейнелеуге бағытталған. Бала ойнай жүріп тәжірибеден өтеді, себеп-салдарлық байланыстар мен тәуелділіктің себебін ашуға тырысады.

Баланың мектепке дейінгі жасы - бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады. Осы бір аса маңызды өмірлік функцияны табысты орындау баланың өзіне тән бейімділігінің осы жаста қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды, яғни, ол мынадай бейімділіктер: адамның беделіне зор сеніммен қарауы, кездесетін барлық жағдайларды тез қабылдап, оған тез әсерленгіштігі, аңғал да ойын баласының қарым-қатынасы. Балабақша жасындағы балалардың бойындағы осы аталған бейімділіктердің әрқайсысы тек жақсы жақтарымен ғана көрініс табады, ал ол осы жастағы балаларға ғана тән қайталанбас ерекшеліктер болып табылады.

Балабақша жасындағы балалардың кейбір ерекшеліктері жылдар сайын жойылып отырады, кейбір ерекшеліктерінің маңызы өзгереді. Мұндай жағдайдың балалардың

жанда көрініс табуы олардың жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі деңгейде алатынын атап көрсету қажет. Міне, балалардың танымдық мүмкіндіктеріне өзіміз қарастырған осы ерекшеліктер тор ықпал етеді және ол баланың жалпы дамуының келешегінің алғы шарты болып табылады. Балабақша жасындағы балаларда танымдық процестердің дамуының өте маңызды ерекшеліктерінің бірі-тіл. Мектепке барар алдында баланың сөздік қоры үлкен кісілермен кәдімгі өмірдің өзіне қатысты кез-келген мәселесі бойынша түсінісе алатындай дәрежеге жетеді. Бұл жаста бала қандай сөзді қолдануға болады, ал қандай сөздер соншалықты жағымсыз, тіпті оларды айту ұят екенін түсінеді. Сондықтан ата-аналар және тәрбиешілер балалардың сөзді, буындарды, дауыссыз дыбыстарды (мысалы, р, ш т.б) дұрыс айтуын мұқият қадағалап отыруы қажет. Айтылған сөздерінің нақты заттарға, құбылыстарға, сонымен бірге адамдардың іс-қылықтары мен әсерлеріне сәйкестігіне, сөйлеудің мазмұндылығы мен мәнерлігіне, балалардың сөздік қорының молаюына және оған жинақтаушы сөздердің енуіне аса көңіл бөліп отыру қажет. Сонымен қатар бала балабақша жасында заттардың түсін, пішінін, мөлшерін және олардың кеңістіктегі орналасуын айырып қана қоймай, оған ұсынылған заттардың да түрін, пішінін дұрыс атай алады, заттарды мөлшеріне қарай сәйкестендіріп (үлкен, кіші, аз, көп) анықтай алады. Бұл жастағы балалар заттардың негізгі қасиеттері мен сапаларының үлгісі бойынша заттардың белгілі бір эталондарға сәйкестігін көрсете алады. Әсерленушілік пен білуге құмарлық қаншалықты басым болғанмен, бұл жаста қабылдау әлі ұйымдаспаған. Әлі де мақсатты түрде қарау және көру, тыңдау және есту, т.б қажетті біліктіліктері қалыптаспаған. Тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Ерік күшін талап ететін ырықты зейін әлі де балса нашар дамыған.

Айналаны зерттеуге бағытталған баланың танымдық белсенділігі, оның зейінін зерттеу объектілеріне қызығушылығы жоғалғанша аударарды. Егер алты жасар бала өзіне маңызды ойынмен айналысқан болса, ол алаңдамай 2 тіпті 3 сағат ойнай береді. Осылайша ол ұзақ бар ықыласын аударып өнімді іс әрекетпен айналыса алады. Алайда бұлай зейінді шоғырландыру – баланың айналысқан нәрсесіне қызығушылықтың салдары. Егер оған ұнамайтын іс-әрекетте ықыласты болу керек болса, ол қажып, алаңдап, тіпті өзін өте бақытсыз сезінеді. Балаға зейінін тәрбиелеуде көмектесу қажет. Үлкендер сөз нұсқаулары арқылы баланың зейінін ұйымдастыра алады. Дегенмен де, бұл жастағы балалар өз тәртіптерін еркін реттей алса да, ырықсыз зейін басым болады. Балаларға біркелкі жалықтыратын және тартымдылығы аз іс-әрекетпен айналысу өте қиын. Зейіннің бұл ерекшелігі сабақтарда ойын элементтерін енгізу және іс-әрекет түрлерін жеткілікті ауыстырып отыруға негізгі себеп болып табылады. Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Сондықтан балабақшада тәрбиеленуші әрбір баланың психологиялық ерекшеліктеріне мән беру аса маңызды мәселе.

Атақты психолог ғалымдары Л.С. Выготский, А.И. Леонтьев, А.С. Запорожец, Л.Д. Венгер, Д.Б. Эльконин, Е.И. Игнатьева, Ю.К. Бабанский, И.Я. Лернер т.б. зерттеушілердің еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының қалыптасуына әсер ететін әртүрлі іс-әрекеттердің ішіндегі ең маңыздысы шығармашылық белсенділіктің сапалығына назар аударады. Алайда мектепке бару

аңында баланың психологиялық даму деңгейінде жекелей өзгешеліктер өсе түседі. Бұл өзгешеліктер мынадан көрінеді: балалар бір-бірінен ақыл-ой, адымгершілік және жекелей дамуымен ажыратылады. Олай болатын болса, балаларға психологиялық қолдау жасау балабақшаның ең негізгі міндеті болып табылады. Осы мақсатта біздің балабақша ұжымы да ұйымшылдықпен бірлесе жұмыс аткарып жатыр. Біздің "Сүйіндік" балабақшасында 45 тәрбиеленуші бар. Ұжымда педкадрлардың, тәрбиеленушілердің барлығының да психологиялық ахуалы қалыптағыдай. Жыл бойы тәрбиеленушілер тізімі олардың қозғалысына орай өзгертіліп, балалар дамуы бақылауға алынып отырылады. Токсанына бір рет диагностикалық карта толтырылып, тәрбиеленушілердің жеке психологиялық ерекшеліктері есепке алынып, психологиялық күнделіктері толтырылып отырамын. Өз тәжірибемде тәрбиеленушілердің психологиялық дамуына яғни балалардың есте сақтау қабілетін анықтау мақсатында көру арқылы "Суреттерді есте сақта!", есту арқылы "Сөздерді есте сақта" әдістемелері; ойлау қабілетін анықтау мақсатында "Бір сөзбен ата!", "Төртіншісі артық", "Қисынсыздықтар", "Жыл мезгілдері" әдістемелері; қабылдау қабілетін анықтау үшін "Не жоғалды?", "Мынау не?", "Мына суреттерде не жетіспейді?", "Реттілігін анықта" әдістемелері; зейінділікті анықтау үшін "Белгілерді қой", "Айырмашылықтарын тап" әдістемелері; қиялдау қабілетін анықтау үшін "Фигуралардың суретін салып бітіру", "Әңгіме ойлап тап", "Сурет" әдістемелері бойынша диагностика жүргізіп отырамын. Және де психотүзету әдісі арқылы шамадан тыс белсенді балаларды ең алдымен ойынға тарта отырып, сол арқылы оның бойындағы шеттен тыс энергияны пайдалы нәрсеге бағыттаймыз. Осындай шамадан тыс белсенді балаларға "Ұста, ұстама", "Қатып қал", "Терезе арқылы сөйлесу" т.б. сол сияқты ойындар өткізіледі. Бала психологиясының даму ерекшеліктерін бақылап, оны дамыту бағытында ата-аналармен пікірлесулер өткізіледі және тәрбиешілерге де түрлі кеңестер беріледі. Атап айтқанда ата-аналармен "Бақытты балалар мекені", "Отбасы-тәрбиенің ұясы", "Менің бақытты отбасым", "Отан-отбасынан басталады" атты тренингтер және "Баланы неге ұруға болмайды" тақырыбында кеңестер, "Сіз қандай ата-анасыз?" тағы сол сияқты сауалнамалар жүргізіледі. Сонымен қатар тәрбиешілерге де тренингтер өткізіліп, сауалнамалар алынады. Тәрбиеленушілерді жан-жақты дамыту мақсатында түрлі ойындар, санамақтар, ойын-жаттығулар жүргізіліп отырылады, топтар үнемі бақылауда болады және оқу іс-әрекетіне үнемі қатыстырылып отырылады. Осындай түрлі шаралар барысында көптеген тәрбиеленушілер өздерінің ерекше қабілеттерімен көзге түсіп, белсенділік танытып жүреді.

Балабақша ұжым мүшелерінің бір-бірімен ынтымақта болуы - ортақ жемісті іс-кепілі болғандықтан осы бағытта түрлі дәстүрлі мерекелерге орай тәрбиелік шаралар ұйымдастырып отыру қажет. Нәтижесінде отбасы мен балабақша ынтымақтастығы нығайып, нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады және тәрбиені ізгілендіру мен мейірімді қарым-қатынас орнату мақсатындағы жұмыстар жетіледі.

СВИДЕТЕЛЬСТВО О РОЖДЕНИИ



Азамат (ша) НУРЖАНЖАН
 Гражданин (ка) ҚАЗАҚ
 Туған
 Родился (паза) 2020 жылғы 18 маусым
 Туған жері: Республикасы ҚАЗАҚСТАН
 Мекен-жайы: Республика
 Облыс ҚАЗАҚСТАН
 Область
 Аудан/Қала ҚАЗАҚСТАН
 Район/Город
 Қала, ауыл ҚАЗАҚ
 Город, селеніе

Бұл жөнінде туу туралы актілерді тіркеу кітабында
 о нем в книге регистрации актов о рождении

2020 жылғы 18 маусым

произведена запись за № 10-638-20-0000365
 жазу жазылды

ЖСН
 Присвоен ИИН



берілді

АТА – АНАСЫ: РОДИТЕЛИ:

Әкесі ИСКАКОВ
 Отец НУРЖАН ФАЗЫЛХАНОВИЧ
 ұлты ҚАЗАҚ
 национальность
 азаматтығы ҚАЗАҚСТАН
 гражданство
 Шешесі ҚАЛЫБАН
 Мать ҚУРАЛАЙ ДАСТАНҚЫЗЫ
 ұлты ҚАЗАҚ
 национальность
 азаматтығы ҚАЗАҚСТАН
 гражданство

Тіркелген жері Қызылорда облысының Қызылорда қаласы
 Место регистрации Қызылорда облысының Қызылорда қаласы

Берілген жері Қызылорда облысының Қызылорда қаласы
 Место выдачи Қызылорда облысының Қызылорда қаласы
 Берілген мерзімі 2020 жылғы 18 маусым
 Дата выдачи

Берілген мерзімі 3. Метерова

№ 7369781

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖЕЛІ КӨЗДІК

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УДОСТОВЕРЕНИЕ ЛИЧНОСТИ



ТІЛІ: КАЗАХША
НУРМАХАНОВА
АТІ: ГҮЛАЙЛЫМ
АБДУЛЛАЕВНА
СІЛІМДІК АТІ: АБДУЛЛАЕВНА
СІЛІМДІК АТІ: АБДУЛЛАЕВНА
22.11.1994

Нұрлы

ҚАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚЫЗЫЛОРДАҢСҚА ОВЛ.
ҚАЗАХША
МВД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
05.01.2024 04.01.2034

1DKAZ0552934150941122400414<<<
9411221F3401044KAZ<<<<<<<<<<<8
NURMAKHANOVA<<GULAILYM<<<<<<<<<

«Біт қалай балалармен сөйлесеміз?»

Педагог-психолог А.С. Черноязова Сіз баламен «бала сияқты» сөйлесу баланың дамуына ықпал ететінін білесіз бе? Сіз осы мастер-класста баламен қалай сөйлесу болатындығын туралы барлық сұрақтарға жауап таба аласыз. Доктор Марина Калашникова балалардың тілді қалай үйренетіні туралы зерттеу жүргізеді және сізге балалармен сөйлеу ерекшеліктері туралы көбірек айтып береді. Сіз нәрестелер анасының құрсағында дауыстарды ести бастайтынын білдіңіз бе? Өте кішкентай балалар сөздердің мағынасын түсінбейді, бірақ балалар тілін пайдалану кезінде дауыстың жоғары үнін естиді және оның негізінде оқиды. Балалар сөзі «гу-гу» немесе «га-га» сияқты балаларға тән дыбыстарды айтумен ғана байланысты емес. Ол прожектор ретінде әрекет етеді: балалар өз айналасында көптеген дыбыстарды естиді, алайда балалар сөйлеу дыбыстарды етсіген кезде олар мұқият тыңдайтын уақыты келгенін түсінеді. Нәрестеге қатысты күнделікті іс-әрекеттерді жасағанда, мысалы, тамақтану, шомылу немесе балаңызбен ойнау кезінде нәресте сөйлеуді қолданған дұрыс. Балалармен сөйлесу сәбилермен күлкілі және сүйкімді тілдесу тәсілінен әлдеқайда көп нәрседен тұрады. Шын мәнінде, көбінесе ол біздің қалай сөйлейтіндігімізге байланысты. Балаға күтім жасайтын ата-аналар, не қамқоршылар олармен сөйлескенде әдеттегідей тілдеседі, бірақ оны барынша қарапайым қылады: сөздерді жиі қайталайды және баяуырақ сөйлейді. Сонымен қатар балалармен тілдескенде біз анағұрлым мәнерлі мимиканы пайдаланамыз: мысалы, біз аузымызды кеңірек ашамыз, қасымызды көтереміз және жиі күлімдейміз. Осының арқасында бала оған бағытталған сөзді естіп қана қоймай, оған қоса оны көре де алады. Кейде ол әсіресе көп сөйлегіш болып кетеді. Ата-аналар өз сәбилерін сөйлеу ағынына енгізуі тиіс. Өздеріне жолданған сөзді жиі есту кішкентай балаларға өзінің тілдік қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Мұндай сөйлеу прожектор сияқты әсер етеді: балалар өз айналасында көптеген дыбыстарды естиді, алайда балалардың сөйлеуін естіген кезде олар мұқият тыңдайтын кез келгендігін түсінеді. Бұның екі себебі бар: 1. Біріншіден, балаға бағытталған сөз оңай естіледі. Өте кішкентай балалар сөздердің мағынасын түсінбесе де, баланың сөзін пайдаланғанда дауыстың басым үнін естіп, сол арқылы сөйлеуді үйренеді. 2. Екіншіден, балалар оларға бағытталған сөзді тыңдағанды ұнатады. Оларға балаларға арналған сөздің айрықша әуезді үні мен жағымды эмоциялары ұнайды. Ересек адамдармен қолданатын сөйлеумен салыстырғанда, баламен сөйлеу мәнері олардың назарын көбірек аударуға көмектеседі. Көпшілігіміз кішкентай баланы көргенде баламен сөйлесудің мәнерін сезікті түрде қолданамыз. Алайда ол әркімнің қолынан келе бермейді. Атааналар оны бастапқы шақтан тәжірибе жүзінде қолдану арқылы балаға негізделген сөйлесудің мәнерін түсініп, үйренгендері жөн. Балалардың сөйлеуін тәжірибеде қолдану үшін балаңызға қатысты күнделікті істерді атқарғанда, мысалы, балаңызды тамақтандырғанда, немесе суға түсіргенде, немесе онымен ойнағанда қолданған дұрыс. Сөзіңізді аздап түрлендіргіңіз келсе, сіз сондай-ақ балаңызға кітапшалардағы суреттерді немесе оның сүйікті ойыншықтарын сипаттап берсеңіз болады – бұл оған ұнайды. Балаға бағытталған сөз сәбилердің ата-аналарға деген ерекше қарымқатынасын орнатуға көмектеседі, осылайша олар өздерін сүйікті және қорғалған болып сезінеді және мазасызданбайды. Сөйлеудің бұл түрі баланың миын ынталандырып, оны тіл меңгерудің күрделі міндетіне дайындайды. Қорғау мен ынталандыру ерте жаста мидың дамуы үшін аса маңызды үш фактордың ішіндегі екеуі болып табылады. Үшінші факторға салауатты тамақтану жатады. Бұл факторлардың үйлесімін біз «тамақтан, ойна, жақсы көр» деп атаймыз.

«Bal Arum» бобекжай – бақшасы

КЕҢЕС

Баланың бобекжай – бақшаға бейімделуі

АКП жетекшісі: Н.Ұзақбаева

2024-2025 оқу жылы

Балабақшаға дайындық

Балабақша – баланың «жаңа өмірге» деген алғашқы қадамы, себебі енді анасы тәулігіне 24 сағат бойы қасында болмайды және мұнда оны күткен өзі құралпылас балалардан, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен жаңа ұжым бар. Балабақшаға бейімделу кезеңі әр балада әр алуан сипатта өтеді. Қалай болғанда да, ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қиын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай.

Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана махаббаты мен оның айрықша ықыласына бөлендіре алмайды, себебі тәрбиешілер «екінші ата-ана» әрі орта есеппен 15-25 балаға ортақ. Кез келген ана мұны жақсы түсінеді, әйтсе де баланы өмір бойы жанында ұстау мүмкін емес, өйткені ол өмірдің жаңа сатыларымен танысып, жаңа дағдылар, өмірлік тәжірибе жинақтауы тиіс.

Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаны ұнатуына көмектесетін қарапайым ережелерді басшылыққа алған жөн.

Ата-аналарға бірнеше пайдалы кеңес.

- Балабақшаға берерден шамамен бір ай бұрын сәбиіңізді балабақшамен таныстырыңыз. Жай ғана балабақша аумағында серуендеуге барыңыздар, сонда ол балабақша ғимаратының әсемдігіне тамсанып, онда қайта-қайта баруға ынтасы оянады, мұндайда алғашқы ресми күн де ол үшін мереке іспеттес болмақ.
- Бала жаңаша күн тәртібінен биологиялық тұрғыда қолайсыздық сезінбеуі үшін, бір ай бұрын оны ақырындап балабақшада болатын жаңа тәртіпке үйрете беріңіз. Бұл тамақтануға да қатысты.
- Баланың ұжымға жылдам сіңісуі үшін, оның қарым-қатынас жасауға бейімділікті дамытуына көмектесіңіз, ал бұл балалармен, сондай-ақ ересектермен араласу барысында ғана мүмкін болмақ. Реті келсе, балабақшаға бармай тұрып, болашақ топтастарымен және олардың ата-аналарымен танысқандарыңыз тіптен құптарлық жайт.
- Баланы міндетті түрде дербестікке дағдыландырыңыз, өз жасының деңгейінде өз-өзіне қарай алатын болсын.
- Балаға балабақшаның не үшін керек екенін, сәбилердің онда не үшін баратынын әңгімелеп беріңіз. Әкесі мен анасының жұмысқа, ал балалардың балабақшаға баратынын түсіндіріңіз.
- Анда-санда баламен бірге балабақша маңынан өтуге тырысыңыз, және оған дәл осы балабақшаға баратындарыңыздың қандай жақсы болғанын қуана ескертіңіз. Тобының қандай әсем болатынын, ондағы ойыншықтардың қандай сүйкімді екенін, оның балалармен ойнайтынын айтыңыз.

қуанышты жаңалықты баланың көзінше достарыңызбен және жақындарыңызбен
айтыңыз. Сәбиіңіздің балабақшаға қабылданғанына қуанып тұрғаныңызды айтыңыз.
Айтып, балабақшамен тезірек танысуға баланың өз күлшінысы артағындай етіп, оны
жағымды арнаға бағыттаңыз.

- Балаға ондағы күн тәртібінің қандай болатынын, олардың немен айналысатынын айтыңыз, себебі бала жұмбақ жағдайларға аттанбауы тиіс және өзін не күтіп тұрғанын білуі керек.
- Баланың көзінше ешқашан балабақша туралы жағымсыз пікір айтпаңыз, және, ең бастысы, оны балабақшамен қорқытпаңыз. («тамағыңды ішпесең, балабақшаға жіберемін»; «мейлі, балабақшада сені тамақ жеуге жақсылап тұрып үйретеді» деген секілді).
- Баланы бастапқыда балабақшаға бірнеше сағатқа әкеліңіз де, кейіннен біртіндеп толық күнге жеткізіңіз. Мұндай біртіндеушілік қағидасы сәби үшін де, оның анасы үшін де анағұрлым жайлы болмақ.
- Баланы балабақшадан алып қайтарда міндетті түрде олардың немен айналысқанын, қандай тамақ ішкендерін сұраңыз, жетістіктері үшін мақтауды да ұмытпаңыз. Бала ата-анасы қасында болмаса да, оларға өз өмірінің қызықты екенін білуі тиіс.
- Баланы таңертең балабақшаға әкелген кезде жылдам қоштасып үйреніңіз, бұл істі көпке созбаған жөн, әйтпеген жағдайда бала сіздің абыржығаныңызды сезіп қояды да, сізден айырылғысы келмей қалады.
- Әрдайым қасында екеніңізді және мейлінше жақсы көретініңізді бала қашықта жүрсе де сезінуі үшін, оның қалтасына шағын ғана естелік зат салып беріңіз, бұл оның көңіліне медеу болады.
- Еш уақытта балаға көрінбей қашып кетуші болмаңыз, өйтетін болсаңыз, ол сізге сенбейтін болады. Қоштасудың өздеріңізге тән әдісін ойлап табыңыздар: беттен сүю немесе мұрындарыңыздың ұшын түйістіру секілді.
- Балабақшаға баруы үшін баланы ешқашан да ойыншықтармен «сатып алуға» тырыспаңыз. Өйтетін болсаңыз, тағы да балабақша туралы жағымсыз пікірін қалыптастырасыз.
- Балаңыз байбалам салған уақытта ешқашан оның ырқына жығылушы болмаңыз. Қайткен жағдайда да балабақшаға баратынын ұқтырыңыз, әйтпесе келесі жолы оның еркеліктерін көтеру сіз үшін қиынға соғатын болады.
- Әрине, әрбір бала өз алдына бір әлем, олардың әрқайсысының ыңғайын таба білу керек, алайда тек сүйіспеншілік, шыдамдылық және парасатты оң ықылас қана балабақшаға баруды сүйікті іске айналдыра алады.